

Қызмет ету мерзімі өткен, мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларға оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында техникалық диагностикалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 12 шілдедегі № 335 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 шілдеде № 23515 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандығы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 125) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қызмет ету мерзімі өткен, мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында техникалық диагностикалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрлік  
2021 жылғы "" № бүйрігімен  
бекітілген

**Қызмет ету мерзімі өткен мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларға оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында техникалық диагностикалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы қызмет ету мерзімі өткен мұнай және газ ұнғымаларын оларды бұрғылау және жөндеуге арналған қондырғыларға одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында оларды техникалық диагностикалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазанды № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 125) тармақшасына сәйкес әзірленді. Нұсқаулықтың ету мерзімі өткен мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларға техникалық диагностикалау жүргізу кезеңділігіне, үйымдастырылуына және әдістеріне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді және техникалық жай-күйін бағалау жүргізу тәртібін, әдістерін, өлшемдері мен көлемін, одан әрі қауіпсіз пайдалану шарттары мен мүмкіндігін, жөндеу (жанғырту) жүргізу қажеттілігін айқындауды, келесі техникалық диагностикалау жүргізу күнін немесе одан әрі пайдалануды тоқтата тұру қажеттілігін айқындауды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Төтенше жағдайлар министрлік 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігімен.**

2. Нұсқаулық есептік қызмет ету мерзімі өткен мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғы жабдықтарына техникалық диагностикалау жүргізу кезінде оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау, сондай-ақ жөндеу жүргізу немесе пайдаланудан шығару қажеттілігін анықтау үшін арналған.

3. Осы Нұсқаулықты қолданысқа енгізу пайдалану құжаттамасында, нұсқаулықтарда, регламенттерде регламенттелген жоспарлы-алдын ала жөндеу жүйесіне қойылатын талаптардың күшін жоймайды.

## **2-тарау. Қолданылу саласы.**

4. Нұсқаулық Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану кезінде конструкцияның ерекшеліктері мен өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, отандық және шетелдік өндірістегі мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғылардың барлық түрлеріне қолданылады.

5. Осы Нұсқаулықта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

1) мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғы-ұнғымаларды жөндеуге және бұрғылауға арналған жабдықтар кешені;

2) объектінің иесі - меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен не кез келген басқа да занды негізде объектін іеленетін жеке және (немесе) занды тұлға;

3) ақау - өнімнің белгіленген талаптарға әрбір жеке сәйкес келмеуі;

4) жабдық - негізгі және (немесе) қосымша функцияларды орындау үшін, сондай-ақ бірнеше машинани бірыңғай жүйеге біріктіру үшін қажетті, машинаға дербес қолданылатын немесе орнатылатын техникалық құрылғы;

5) қауіпті аймақ - адамға машинадан немесе жабдықтан шығатын қауіптер ықпал ететін кеңістік;

6) машиналар мен жабдықтардың өмірлік циклі - жобалау, өндіру, пайдалану (оның ішінде жөндеу, техникалық және сервистік қызмет көрсету), сақтау, тасымалдау, өткізу, жою және кәдеге жарату процестері;

7) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі - адамның өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірумен байланысты жол берілмейтін қауіп-қатердің болмауы;

8) машиналар мен жабдықтардың сәйкестігін растау - нәтижесі машиналардың және (немесе) жабдықтардың техникалық регламенттерінде, стандарттау жөніндегі құжаттамада немесе шарттардың талаптарында белгіленген талаптарға сәйкестігін (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) құжаттамалық қуәландыру болып табылатын ресім;

9) дайындаушы - өнімді кейіннен иеліктен шығару немесе өндірістік мақсаттарда өз тұтынуы үшін өндіретін жеке немесе занды тұлға;

10) персонал - машиналар мен жабдықтарды іске қосумен, пайдаланумен, баптаумен, ағымдағы қызмет көрсетумен, тазалаумен, жөндеумен, сақтаумен немесе тасымалдаумен айналысатын адамдар;

11) шекті жай-күй - машинани және (немесе) жабдықты одан әрі пайдалануға жол берілмейтін немесе мақсатқа сай келмейтін не олардың жұмысқа жарамды жай-күйін қалпына келтіру мүмкін болмайтын немесе мақсатқа сай болмайтын жай-күйі;

12) істен шығу - жобалау кезіндегі конструктивтік бұзушылықтардың, дайындаудың немесе жөндеудің белгіленген процесін сақтамаудың, пайдалану

жөніндегі қағидаларды немесе нұсқауды (нұсқаулықты) орындаудың салдарынан машинаның және (немесе) жабдықтың жұмысқа қабілеттілік жай-күйінің бұзылуынан туындастырылады;

13) сенімділік - объектінің берілген режимдерде және қолдану, техникалық қызмет көрсету, сақтау және тасымалдау жағдайларында талап етілетін функцияларды орындау қабілеттін уақытында сақтау қасиеті;

14) техникалық қызмет көрсету - объектінің жұмыс қабілеттілігін (ақаусыздығын) қолдауға және мақсаты бойынша пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде оның істен шығу ықтималдығын азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық іс-шаралары мен техникалық операциялар кешені;

15) жөндеу - бұйымдардың жарамдылығын немесе жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру және бұйымдардың немесе олардың құрамдас бөліктерінің ресурсын қалпына келтіру жөніндегі операциялар кешені;

16) жөндеу циклі - нормативтік-техникалық немесе пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес жөндеудің барлық белгіленген түрлері белгілі бір реттілікпен орындалатын, ең аз қайталанатын уақыт аралығы немесе бұйымның істелген жұмысы;

17) жоспардан тыс жөндеу - бұйымдарды алдын ала тағайындаусыз жүзеге асырылатын жөндеу;

18) есептік ресурс - машинаны және (немесе) жабдықты пайдалану кезінде жиналған, олардың техникалық жай-күйіне қарамастан тоқтатылатын жиынтық жұмыс;

19) қалдық ресурс – объектінің оның техникалық жай-күйін бақылау сәтінен шекті жай-күйіне ауысуына дейінгі жиынтық атқарым;

20) рұқсат етілетін (есептік) жүктеме - кез келген элементте рұқсат етілген кернеуден аспай конструкция есеп бойынша шыдайтын күш немесе күштер комбинациясы;

21) динамикалық жүктеме - уақыт бойынша оның мәнінің, бағытының немесе жақындау нүктесінің жылдам өзгеруімен сипатталатын және іргетастарды есептеу кезінде есепке алынуға жататын негіздердің немесе құрылыш жүйесінің топырақтарында инерция күштерін тудыратын жүктеме;

22) негізгі жүктеме - пайдалану процесінде жабдыққа әсер ететін осытік жүктеме;

23) техникалық диагностикалау – объектілердің техникалық жай-күйін айқындау теориясын, әдістері мен құралдарын қамтитын процесс;

24) аттестатталған ұйым-өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған ұйым;

25) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды, басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

### **3 - тарау. Техникалық диагностикалауды жүргізу**

6. Конструкторлық және пайдалану құжаттамасында, белгіленген мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырығының есептік қызмет ету мерзімі өткеннен кейін оны техникалық диагностикалау және қауіпсіз пайдалану мерзімін ұзарту жөніндегі жұмыстарды жүргізбей одан әрі пайдалануға жол берілмейді.

7. Пайдалану мерзімін ұзарту мақсатында техникалық диагностикалаудың үш түрі көзделеді: бастапқы, қайталама, кезектен тыс.

8. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырығыларға бастапқы техникалық диагностикалау конструкторлық және пайдалану құжаттамасындакөзделген белгіленген қызмет ету мерзімі өткеннен кейін жүргізіледі.

Конструкторлық және пайдалану құжаттамасында белгіленген қызмет мерзімі болмаған жағдайда қызмет ету мерзімі–10 жыл болып қабылданады.

9. Пайдалануды белгіленген қызмет ету мерзімінен артық ұзарту мерзімі және қайта техникалық диагностикалау жүргізу мерзімі аттестатталған ұйым жүргізген алдыңғы техникалық диагностикалау нәтижелерінің негізінде айқындалады.

10. Қайталама техникалық диагностикалау бірнеше қайталама жүргізіледі және оны жүргізу мерзімі мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырығылардың нақты жай-күйіне байланысты оны жүргізу мерзімі

11. Кезектен тыс техникалық диагностикалау мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) көтергіш металл конструкциялардажәне элементтерде жарықтардың пайда болуы ;

2) деформациялар және зақымдар болған кезде;

3) конструкторлық және пайдалану құжаттамасында пайдалану жөніндегі белгіленген талаптардың бұзылуы;

4) мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырығылардың тіреу конструкцияларында дәнекерлеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін;

12. Техникалық диагностикалау деректерінің негізінде мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырығылардың техникалық жай-күйі және олардың қалдық ресурсы бағаланады және мына шешімдердің бірі қабылданады:

1) белгіленген жұмыс параметрлерінде пайдалануды жалғастыру;

2) жұмыс параметрлерін шектей отырып, пайдалануды жалғастыру;

3) жөндеу жүргізу;

4) пайдаланудан шығару.

13. Шешімді қалдық ресурсқа техникалық диагностикалау және бағалау жүргізген сараптамалық ұйым қабылдайды.

14. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырығыларды техникалық диагностикалауды меншік құқығында немесе өзге заңды

негізде бұзбай бақылау және техникалық диагностикалау зертханасы бар аттестатталған ұйымдар жүргізеді.

15. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларды техникалық диагностикалауды өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптама жүргізу құқығына аттестат болған кезде пайдаланушы ұйымның бөлімшесіне орындауға рұқсат етіледі.

16. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыгатехникалық диагностикалау және қауіпсіз пайдалану мерзімін ұзарту жөніндегі жұмыстарды орындау үшін мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыны пайдаланатын ұйым басшысының бұйрығымен құрамында төрағасы бар кем дегенде үш адамнан тұратын комиссия тағайындалады. Комиссия мүшелері мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының техникалық жай-қүйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты тұлғалар арасынан таңдалады. Бұйрықта мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыгатехникалық диагностикалау жүргізу мерзімдері, пайдаланудан шығарылған күні және техникалық диагностикалау жүргізетін аттестатталған ұйымның атауы, комиссия басшысының және мүшелерінің тегі көрсетіледі. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыға техникалық диагностикалау жүргізу туралы бұйрықтың нысаны осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада келтірілген.

17. Аттестатталған ұйым басшысының бұйрығымен осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес топтың әрбір мүшесі үшін өкілеттіктерді айқындай отырып, мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыға техникалық диагностикалау жүргізу үшін мамандар тобы құрылады.

18. Пайдалануд мерзімін ұзарту мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының нақты техникалық жай-қүйіне, жөндеу сапасына және қолданыстағы технологиялық жүктемелерге байланысты, бірақ үш жылдан аспайды.

19. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыны техникалық диагностикалау мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыны пайдаланатын ұйымның кестесі бойынша жүргізіледі.

20. Мәліметтердің қажетті толықтығын анықтау мақсатында аттестатталған ұйым қауіпсіз пайдалану мерзімін ұзарту үшін техникалық диагностика жүргізуге арналған өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды қарайды, онда мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының жай-қүйі туралы дерек келтіріледі. Өтінімді қарау мерзімі 14 күнтізбелік күннен аспайды.

21. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыны пайдаланатын ұйым мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған

қондырғыны пайдаланудың қауіпсіз мерзімін айқындау үшін аттестатталған ұйымға ұсынылған ақпараттың дұрыстығына жауап береді.

22. Аттестатталған ұйым техникалық диагностикалау процесіндеменай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған тораптарды, қондырғы бөлшектерін пайдалануға, жөндеуге және ауыстыруға байланысты қосымша құжаттаманы сұрата алады.

23. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған діңгектер мен қондырғы негіздерінің металл конструкцияларын техникалық диагностикалауды жазғы кезенде және тәуліктің жарық уақытында жүргізеді.

24. Кезектен тыс техникалық диагностикалау жүргізу кезінде орындалатын жұмыстардың көлемін осы техникалық диагностикалауды орындауға итерме болған себептерді ескере отырып комиссия айқындейді.

25. Техникалық диагностикалаудың алдында келесі іс-шаралар жүргізіледі:

1) Қауіпсіз пайдалану мерзімдерін ұзарту бойынша жұмыстарды жүргізу қажеттілігін белгілеу.

2) Техникалық диагностикалау объектілерін айқындау, мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыны пайдаланушы ұйыммен техникалық диагностикалауға жататын техникалық жабдықтар мен техникалық құрылғылардың тізбесін келісу.

3) Пайдалану мерзімін ұзарту үшін техникалық диагностикалауды жүргізуге өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды беру және қарau.

4) Комиссия құрамы және алдағы жұмыс көлемі туралы бұйрықты бекіту.

5) Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының металл конструкцияларын қарап-тексеру үшін аспалы аландармен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

6) Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылау және жөндеуге арналған қондырғыны жұмысқа қабілетті, жинақталған, кірден және тоттан тазартылған күйінетексеріс жүргізуге дайындау.

7) Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғығатексеріс жүргізу кезінде жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

8) Алдыңғы техникалық диагностикалаунәтижелерін, орын алған зақымданулар немесе авариялар және орындалған жөндеулер туралы деректерді талдау.

26. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының пайдалану және жөндеу құжаттамасымен танысу және талдау-бұл мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының конструкциялық және пайдалану ерекшеліктерімен, оның тозу сипатымен, сондай-ақ мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының зақымдануын алдын ала бағалау үшін жабдықтың орындалған жөндеулерінің көлемімен және себептерімен егжей-тегжейлі танысу.

27. Пайдалану құжаттамасы мыналарды қамтиды:

1) Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының паспорты;

2) дайындаушының құжаттамасымен бірге мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғылардың жабдықтары мен техникалық құрылғыларының тізбесі;

3) сызбалар;

4) жұмыс параметрлерін көрсете отырып, жабдықты жұмысқа қосу схемасы;

5) технологиялық регламенттер;

6) атқарушылық жөндеу құжаттамасы;

7) алдыңғы жүргізілген техникалық диагностикалау бойынша ақпарат;

8) өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнаманың талаптарына сәйкес салыстырып тексеруге жататын аспаптарды тексеру туралы деректер.

28. Пайдалану құжаттамасын талдау:

1) мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының типін, дайындаушыны, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде есепке қою туралы ақпараттың болуын, дайындалған, тіркелген және пайдалануға берілген күнін анықтауға;

2) жабдықтың құрылымдық ерекшеліктері, өлшемдері, оның негізгі элементтерінің материалдық орындалуы туралы, сондай-ақ дайындалғаннан кейін және пайдалану процесінде жабдықтың сапасын бақылау және сынау нәтижелері туралы ақпарат алуға;

3) жобалық техникалық сипаттамалар мен нақты жұмыс параметрлерінің арақатынасын, сондай-ақ пайдалану жүктемелерінің сипатын бағалауға;

4) Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының техникалық диагностикалауқөлемін нақтылауға;

5) Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларды пайдаланудың нақты ұзақтығын белгілеуге мүмкіндік береді.

#### **4-тарау. Техникалық диагностикалау**

##### **1-параграф. Жалпы ережелер**

29. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыға техникалық диагностикалау элементтердің және металл конструкцияларының геометриялық параметрлерінің паспорттық деректерден нақты ауытқуларын анықтау, сондай-ақ сақтандыру және бекіту элементтерінің жай-күйін тексеру мақсатында жүргізіледі. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының мынадай негізгі тораптары мен элементтері техникалық диагностикалауға жатады:

- 1) түсіру-көтеру операцияларын қамтамасыз етуге арналған қорабы бар, жоғары жұмыс платформасы бар мұнаралар;
  - 2) мұнара блогының негізі;
  - 3) сорғы блогының негізі;
  - 4) бұрғылау алаңының жаппасы;
  - 5) мұнараны көтеруге арналған құрылғы;
  - 6) баспалдақтары мен аландары;
  - 7) консольді-бұрылмалы кран.
- 8) электр жабдығының, электр аппаратурасының, қауіпсіздік жүйелері аспаптарының жай-күйін тексеру;
  - 9) гидро және пневможабдықтың жай-күйін тексеру;
  - 10) Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғы тораптары мен агрегаттарының функционалдық жұмыс қабілеттілігін тексеру;
  - 11) арқандардың жағдайын тексеру.
30. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларына техникалық диагностикалау мына кезендерді қамтиды:
- 1) көтергіш және қосалқы элементтердің, сондай-ақ дәнекерленген және бұрандалы қосылыстардың жай-күйін сыртқы қарап-тексеру;
  - 2) болжам бойынша ақаулары бар металл конструкциялардың, дәнекерленген және бұрандалы қосылыстардың элементтерін қосымша тексеру;
  - 3) металл конструкциялары элементтерінің түзусызықтығын тексеру және деформацияларын өлшеу;
  - 4) металл конструкцияларының көтергіш және қосалқы элементтері металының химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін анықтау үшін сынамаларды іріктеу (аттестатталған ұйымның шешімі бойынша жүргізіледі);
  - 5) анықталған ақауларды талдау және тексеріс жүргізу нәтижелері туралы қорытынды жасау.
31. Сыртқы қарап-тексеруді жүргізу кезінде металл конструкцияларының жұмыс қабілеттілігі мен пайдалану жарамдылығына әсер ететін және кейіннен қираудың ықтимал қаупін тудыратын мынадай ақаулардың болуына ерекше назар аударылады:
- 1) негізгі металда жарықтар;
  - 2) дәнекерлеу жіктері металында және тігіс маңы аймағында жарықтар, ақаулар;
  - 3) жергілікті механикалық зақымданулар (ұзінділер, кесінділер, сынықтар, майысулар);
  - 4) негізгі металдың қатпарлануы;
  - 5) негізгі металдың бүрмеленуі;
  - 6) жергілікті коррозиялық зақымданулар мен коррозияға қарсы қорғаныс ақаулары;
  - 7) металдың ақауы;
  - 8) элементтердің геометриялық пішіндерінің өзгеруі.

32. Ақаулар туралы неғұрлым сенімді ақпарат алу үшін бұзбай бақылау әдістері қолданылады:

- 1) ультрадыбыстық бақылау;
- 2) радиографиялық бақылау;
- 3) капиллярлық бақылау;
- 4) магниттік бақылау;
- 5) жылу бақылау;
- 6) акустикалық-эмиссиялық бақылау;
- 7) құйынток бақылау;

33. Жарықтарды анықтаған кезде олардың даму бағыттарына және мына элементтерге таралуына назар аударылады:

- 1) түйіспе қосылыстар;
- 2) фланецті қосылыстар;
- 3) конструкция элементтерінің жанасу тораптары;
- 4) белдіктердің түйістері;
- 5) қималардың күрт ауысу аймақтары;
- 6) созылған күш элементтерінде әрекет ететін көлденең орналасқан дәнекерленген жіктер;
- 7) дәнекерлеу жіктерінің жиектерін жақындау аймағы 50 мм-ден кем;
- 8) бұрандалы қосылыстар.

34. Металдың коррозиямен зақымдану дәрежесін коррозиямен зақымданған жердегі металл конструкциялары элементтерінің қалындығын паспорттық мәндермен немесе элементтің зақымдалмаған қимасымен (элементтің ашиқ қимасының қалындығын стандартты өлшеу құралымен тікелей өлшеу арқылы немесе ультрадыбыстық қалындық өлшегіштің көмегімен) салыстыру арқылы анықтайды. Металл конструкцияның көтергіш элементтері металының қалындығының рұқсат етілетін төмендеуі дайындаушының техникалық құжаттамасында белгіленеді. Металл конструкцияларының қалындығын өлшеу орындарын өлшеу жүргізу басталғанға дейін дайындау қажет. Металдың қалындығы үш өлшемнің нәтижелері бойынша арифметикалық орташа мән ретінде анықталады.

35. Болтты қосылыстар үшін тоттану, тарту дәрежесі (100% бақылау), бұрауға қарсы сақтандырғыш элементтердің болуы (серіппелі шайбалар, иілмелі шайбалар, кідіртпе сомындар, шплинттер) бақыланады. Жарықтарды анықтау үшін бұзбай бақылау әдістері қолданылады.

36. Металл конструкциялардың саусақтары, осьтері және жалғастыруыш элементтері бекіткіш элементтердің зақымдануы анықталған кезде бөлшектеледі (үлкейген люфт, осьтер мен саусақтардың майысуы, олардың эллипсиялығына жол берілмейді) және олардың орнатылатын орындары ақауларды анықтау тұрғысынан мұқият тексеріледі

37. Мұнара тіректерінің тұзусызықтығынан ауытқуларын тексеру конструкциядағы шығыңқы жерлерді (кронштейндер, фланецтер, баутесіктер) айналып өтуге мүмкіндік беретін белгілі бір қашықтықта мұнараның тірегіне параллель тартылатын диаметрі 1,5мм-ден 2мм-ге дейінгі болат ішектердің көмегімен жүргізіледі.

38. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының арқалықтарының, фермаларының және металл конструкцияларының деформациясын тартылған ішектің көмегімен оған қатысты конструкцияның тиісті элементіне дейінгі қашықтық өлшеу арқылы анықтайды.

39. Арқалықтардың, фермалардың және көлденең орналасқан құрылымдардың бұралуы тіректер арасындағы аралықта біркелкі орналасқан 3, 4 секциялардағы жоғарғы және төменгі белдіктердің жиектерінен тіктеуішке дейінгі қашықтықты өлшейтін тіктеуіштердің көмегімен анықталады.

40. Жеке біліктердің деформациясы (бұгілуі) түйіндер арасында өзекке параллель созылған ішектің қатысты иілу мөлшерімен анықталады.

41. Тігінен орналасқан конструкциялардың перпендикулярлығын тексеру тіктеуіш көмегімен немесе теодолит пен төрткілдештерді қолдану арқылы жүргізіледі.

42. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауга және жөндеуге арналған қондырғының металл конструкциясының көтергіштік қабілетін есептеу техникалық диагностикалау нәтижелерін ескере отырып орындалады. Бұл ретте қималардың нақты геометриялық параметрлері, мұнараның металл конструкциясының көтергіштік қабілеттерін (тұзусызықтығына) есептеу, конструкция элементтерінің өзара қалпының өзгеруі, дәнекерленген қосылыштардың жай-күйінің мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылау және жөндеуге арналған қондырғыны дайындаушының құжаттама талаптарына сәйкестігі ескеріледі.

43. Көтергіш қабілетін есептеу конструкторлық және пайдалану құжаттамаларының негізінде орындалады. Жеке факторлардың және олардың жиынтығының конструкцияның көтергіш қабілетінен әсері ескеріледі.

44. Конструкцияның көтергіш қабілетін бағалау кезінде, кернеулі-деформацияланған жағдайды нақтылайтын есептеулер жүргізіледі.

45. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауга және жөндеуге арналған қондырғының металл конструкциялары тораптарының ақауларын жою бойынша техникалық диагностикалау үлгісі осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасының 2-кестесінде келтірілген (әрі қарай-қарап тексеру картасының нысаны).

46. Техникалық диагностикалауға жататын мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауга және жөндеуге арналған қондырғының техникалық құрылғылары тізбесінің үлгісі және бақылаудың әдістерінен қарап тексеру картасының нысаны 3-кестесінде келтірілген.

47. Электр жабдығының, электр аппаратурасының жай-күйін тексеру, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230

бұйрығымен бекітілген "Электр қондырғыларын орнату қағидаларына" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген "Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10907 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

48. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғы элементтерінің 100% - ы техникалық диагностикалауға жатады.

## **2-параграф. Металл конструкциялардың металл элементтерінің химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін анықтау**

49. Металдың химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін анықтау қажеттілігі мұнаға жағдайларда туындауы мүмкін:

1) мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының металл конструкцияларының негізгі көтергіш және қосалқы элементтері металдың маркасын, химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін куәландыратын құжаттардың болмауы;

2) мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыны пайдаланудың температуралық режимінің паспортта көрсетілген температуралық режимге, осы болат маркалары үшін құжаттарда немесе сапа сертификаттарында көрсетілген температуралық режимге сәйкес келмеуі;

3) паспортта мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыны жөндеу немесе жаңғырту (реконструкциялау) кезінде пайдаланылған материалдар туралы мәліметтердің болмауы;

4) егер тексерілетін металл конструкциясында жарықтар пайда болса.

50. Металдың механикалық қасиеттерін химиялық талдау үшін сынамаларды іріктеу осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

51. Егер қаттылық көрсеткіші негізгі металл мен дәнекерленген қосылыстар қасиеттерінің айқындаушы сипаттамаларының бірі болып табылса, сондай-ақ егер осы көрсеткіште қайтымсыз өзгерістер болса, қаттылықты өлшеу авариялық жағдай нәтижесінде жүргізіледі.

52. Қаттылықты өлшеу олар туралы мәліметтер болмаған кезде материалдарды сәйкестендіру қажет болған жағдайда, сондай-ақ импорттық өндіріс материалдарын сәйкестендіру қажет болған жағдайда металдың механикалық қасиеттерін бағалау үшін жүргізіледі.

## **3-параграф. Анықталған металл конструкциялардың ақауларын талдау және тексеріс жүргізу нәтижелері туралы қорытынды жасау**

53. Техникалық диагностикалау нәтижелерін талдауды аттестатталған ұйым жүргізеді.

54. Металл конструкцияларынатексеріс жүргізу процесінде ақаулар олардың конструкцияның жұмыс қабілеттілігіне әсер етуі тұрғысынан тіркеледі және талданады.

55. Тексеріс жүргізу объектісінің нақты жай-күйіне байланысты нәтижелер бойынша сынақтар жүргізу қажеттілігі туралы шешім қабылданады.

56. Тиісті нормативтік құжаттаманы басшылыққа ала отырып, барлық анықталған ақаулар бойынша конструкцияның жай-күйіне талдау және ақаулардың шамаларын рұқсат етілген шамалармен салыстыру жүргізіледі.

57. Металл конструкцияларының жай-күйін талдағаннан және әрбір анықталған ақау бойынша және тұтастай мұнара блогы бойынша нақты шешім қабылданғаннан кейін техникалық диагностикалау жүргізетін комиссия жүргізілген жұмыстың(жөндеу, ауыстыру, жүк көтергіштігін төмендетеу, есептен шығару) нәтижелерін осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының техникалық жай-күйінетексеріс жүргізу хаттамасының тиісті бөлімінде жазады.

58. Металл конструкцияларды қауіпсіз пайдалану мерзімін ұзарту қажеттілігі туралы шешім конструкцияның көтергіш қабілетінің (беріктігінін) өзгеруін талдау негізінде қабылданады. Металл конструкцияларының көтергіш қабілетінің төмендеуіне конструкторлық және пайдалану құжаттарымен орнатылған шектерден шығуына жол берілмейді.

59. Коррозия әсеріне ұшырайтын мұнараның металл конструкциялары элементтерінің қалдық ресурсын есептеу осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында келтірілген.

60. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының металл конструкцияларының көтергіш қабілетін есептеу осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасында келтірілген.

61. Таль жүйесі үшін тозған бөлшектердің жүк көтергіштігін есептеу осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасында келтірілген.

## **5-тарау. Механизмдердің, болатарқан-блокты жүйелердің, жүк қармауыш айлабұйымдардың және тораптардың жай-күйінетексеріс жүргізу**

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

62. Механизмдердің, болатарқан-блокты жүйелердің, жүк қармауыш айлабұйымдардың және жабдықтың жай-күйінетексеріс жүргізу мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) жабдық агрегаттарын, тораптары мен бөлшектерін сырттай көзбен шолып қарап-тексеру және олардың жай-күйін бөлшектемей тексеру;

- 2) ақауларды бөлшектеуге және аспаптың өлшеуге байланысты агрегаттар мен олардың элементтерінің жай-күйін тексеру;
- 3) агрегаттар мен тораптардың функционалдық жұмысқа қабілеттілігін тексеру;
- 4) тораптар және бөлшектердің анықталған ақауларын талдау және техникалық диагностикалау нәтижелері туралы қорытындыны әзірлеу.

## **2-параграф. Агрегаттарды, тораптар мен бөлшектерді сырттай көзбен шолып қарап-тексеру**

63. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының барлық агрегаттары, тораптары мен бөлшектерін сырттай көзбен шолып қарап-тексеру және бөлшектемей жай-күйін тексеру мыналарға жүргізіледі:

- 1) бұрғылық шығырлар (барабандар, біліктер, редукторлар);
- 2) тежегіш құрылғылар (таспалы, гидродинамикалық және электромагниттік тежегіштер, тежегіш тұтқалар);
- 3) таль жүйесінің агрегаттары (кронблоктар, таль блоктары, тегерлер, ілгектер және арнайы аспалар, таль арқанының қозғалмайтын тармағын бекітуге арналған құрылғылар);
- 4) таль арқандары;
- 5) муфталар (тұрақты, тіркемелі, электромагнитті);
- 6) тізбектік берілістер (жұлдызшалар, тізбектер);
- 7) кардан біліктері;
- 8) топсақтар;
- 9) трансмиссиясы бар бұрғылау роторлары;
- 10) манифольд;
- 11) айналым жүйесінің жабдықтары;
- 12) дизель-гидравликалық жетек кешені;
- 13) түсіру-көтеру операцияларын қамтамасыз ететін қосымша механизмдер (шамдарды бұрауға және кері бұрауға арналған кілттер, бұрғылау құбырларының колоннасын ұстап тұруға арналған құрылғылар, пневмобосатқыш, қосалқы шығырлар);
- 14) бұрғылау сорғылары;
- 15) бұрғылау қондырғыларының жетектері (механикалық, гидравликалық және пневматикалық);
- 16) қосалқы жүк көтергіш құрылғылардың талі;
- 17) қосалқы шығырлар;
- 18) монтаждау компенсаторлары;
- 19) пневмобасқару жүйесі;
- 20) қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар, құбырлар.

64. Сыртқы қарап-тексеруді жүргізу кезінде мыналардың болуына ерекше назар аударылады:

- 1) бөлшектер мен құрастыру бірліктеріндегі барлық түрдегі, өлшемдегі және бағыттағы жарықтар;
- 2) болжалды жарықтары бар орындар;
- 3) бөлшектер мен құрастыру бірліктерінің механикалық зақымдануы мен бұзылуы;
- 4) жабдық элементтерінің жалпы және жергілікті деформациялары;
- 5) беттесетін жұптардың үйкелетін беткі қабаттарының тозуы;
- 6) тораптар мен бөлшектердің коррозиялық зақымданулары;
- 7) агрегаттар мен тораптардың әлсіз бекітпелері (мысалы, бұрандалардың болмауы, тартудың әлсіреуі);
- 8) мойынтрек тораптарын шектен тыс тарту (қыздыру торабы бойынша анықтайды);
- 9) агрегаттар мен тораптардың майлаудан және редукторлардан, жылдамдық қораптарынан және майлау материалдарын орналастыратын ұқсас орындардан майдың ағуынан ластануы.

65. Жарықтар мен оған ұқсас нашар көрінетін ақаулар болуы мүмкін жерлерді 10 есе ұлкейту әйнегінің көмегімен қарау керек.

66. Май картерлері бар агрегаттарда майлау материалдарының болуын тексеру май деңгейін бақылау үшін май сұнгісінің немесе ұқсас құрылғылардың көмегімен жүргізіледі.

### **3-параграф. Бөлшектеуден кейін агрегаттар мен олардың элементтерінің жай-күйін тексеру және ақауларды аспаптық өлшеу**

67. Агрегаттарды, тораптарды және қарап-тексеруге қолжетімді ашық бөлшектерді алдын ала сыртқы бақылаудан кейін олардың жай-күйін тексеру және анықталған ақауларды аспаптық өлшеу үшін қарау қақпақтарын ашу немесе механизмдерді бөлшектеу жүргізіледі.

68. Бөлшектердегі ақауларды анықтау үшін 10 есе ұлкейтетін лупаларды және осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасында жазылған бұзбай бақылау әдістері пайдаланылады.

69. Бөлшектердің деформациясы, тозуы, қатпарлануы, беткі жана спалы бояу, коррозия мөлшерін өлшеу үшін сызғыш, лента өлшегіші, штангенциркуль, штангензубомер, әртүрлі профильдерге арналған шаблондар (мысалы, блок жылғалары, жүк барабандарындағы ойықжырашықтар) қолданылуы мүмкін.

70. Бөлшек участекінің (бөліктерінің) тозу немесе коррозия шамасы сыйба бойынша өлшеммен өлшенген параметрді не тозу жоқ немесе мардымсыз шамасы бар участек бойынша өлшеммен салыстыру арқылы айқындалады.

71. Редукторлар мен жылдамдықты ауыстыру қораптарына, бұрғылау қондырығысының агрегаттары мен механизмдерін тексеріс жүргізу олардың типіне, конструкциясына және габариттеріне қарамастан мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:

- 1) корпус пен тірек фланецтерінің тұтастығын тексеру;

2) механизм жақтауына бекітпені тексеру (бұрандалардың болуы, тартпаның әлсіреуі);

3) біліктер мен ағытпалардың нығыздалу сапасын бақылау;

4) тісті іліністердің жай-күйін тексеру (тістердің түбінде жарықтардың болуы, сынған, деформацияланған және тозған тістердің болуы, жанаспалы бояуы бар тістердің жұмыс беттерінің болуы);

5) мойынтырек тораптарының жай-күйін тексеру (мойынтыректердің бүтіндігі, сақиналар мен тербеліс денелерінің тозуы);

6) біліктердің жарықтардың болуына бақылау;

7) майлау материалдарының болуын бақылау;

8) ақаулардың барлық қажетті өлшемдерін өлшеу.

72. Бұрғылау және қосалқы шығырлардың жүк барабандарынатексеріс жүргізу мыналарды тексеруді қамтиды:

1) барабан корпусының жай-күйі (тегіс барабанның цилиндрлік ернеуінің және арқанды көп қабатты орау кезіндегі ребордтың беткі қабатының тозуы, кесілген барабанның жылғалары мен тарақтарының тозуы, барабан корпусында жарықтардың болуы);

2) арқанды барабанға бекіту түйінінің жай-күйі;

3) барабан білігінің немесе осінің жай-күйі;

4) тісті тәжді бекіту сапасы (бар болса) және тістердің жай-күйі;

5) мойынтырек тораптарының жай-күйі (бар болса).

73. Тежегіштер мен тежеу жүйелерінетексеріс жүргізу мыналарды тексеруді қамтиды:

1) тежегішті жақтауга бекіту (бұрандалардың болуы, бұрандалар тартуының әлсіреуі);

2) тежегіш таспалар мен жапсырмалардың жай-күйі (жұмыс бетіне майдың түсүі, таспалы тежегіштерде тежегіш таспалардың және қалыптық тежегіштерде тежегіш жапсырмалардың тозуы);

3) таспалы тежегіштер мен қалыптық тежегіштер қалыптарындағы болат тежегіш таспаларының жай-күйі және оларды тежегіш жақтауына бекіту;

4) тежегіш тегердің радиалды соғуы, оның беткі қабатының тозуы, жұмыс бетінде жарықтардың болуы және беткі қабатын бояу;

5) Тежегіштің рычаг жүйесінің жай-күйі және осытердің, саусақтардың және олардың астындағы саңылаулардың тозуы;

6) тежегіш жетектерінің жағдайы (гидравликалық итергіш, пневматикалық жетек, серіппелер);

7) иінді біліктің жай-күйі.

74. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыда агрегаттар мен механизмдер біліктерінің ұштарын қосу үшін қолданылатын барлық

муфталар: бітеу муфталар; тісті муфталар; топсалы муфталар (кардан біліктегі); серпімді муфталар; жұдырықшалы, тісті, фрикциялық, шиналы-пневматикалық муфталар; сырғудың электрмагниттік муфталары; электрмагниттік ұнтақты муфталар тексеріс жүргізуге жатады. Тексеріс мынадай тексеруді қамтиды:

- 1) біліктедің ұштарына жартылай муфталарды орнату сапасы;
- 2) кілтекті және оймакілтекті қосылыстардың жай-күйі;
- 3) фланецтердің, бұрандалардың, саусақтардың жай-күйі;
- 4) тісті муфталардағы тістердің жағдайы;
- 5) серпімді иілгіш муфталардағы серпімді элементтердің жай-күйі;
- 6) біліктедің, оларға топсалы қосылған айқастырмалардың, бұрандалар тартуының жай-күйі;
- 7) ілініс муфталарындағы жұдырықшалар мен тістердің жай-күйі;
- 8) фрикциялық муфталардағы фрикциялық дискілердің, жапсырмалардың жай-күйі;
- 9) тісті тұрақты муфталарда майлаудың болуы;
- 10) муфталар және кардан біліктедің қоршау қаптамаларының бар болуы және жай-күйі.

Муфталарғатексеріс жүргізу кезінде пайдалану жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алу қажет. Тексеріс жүргізу процесінде ақаулардың параметрлері бойынша қажетті өлшеулер жүргізіледі.

75. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған агрегаттар мен қондырғы механизмдерінің тізбекті берілістеріне және тізбекті редукторларын тексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

- 1) тізбектердің жай-күйі (ақаулы пластиналардың, білікшелердің, аунақшалардың болуы; бір қатарда тізбектің жекелеген элементтерінің олардың бұзылуына байланысты болмауы, жекелеген шплинттердің болмауы);
- 2) тізбектердің тартылу жай-күйі;
- 3) топсалы қосылыстардағы тізбектің қозғалғыштығы;
- 4) жеке тізбек пластиналарының пропеллерлілігі және орақ тәрізді болмауы;
- 5) отқабыршақтардың, жарықтардың, қабыршақтардың және тоттанудың болмауы;
- 6) тізбекті берілістер жұлдызшаларының жай-күйі (сынудан жеке тістердің болмауы, тістердің деформациясы, тістердің жұмыс беттерінің тозуы, жарықтардың болуы);
- 7) тізбекті редуктор корпусының және тірек фланецтерінің тұтастығы;
- 8) шынжырлы редуктор мен мойынтар тіректерін жақтауға бекіту (бұрандалардың болуы, тартудың әлсіреуі);
- 9) тізбекті берілістердің майлау жағдайы (редукторлардың иінді корпусында майдың болуы, ағып кетудің, майдың болмауы).

76. Тексеріс барысында тізбекті беріліс элементтерінің ақауларының параметрлерін қажетті өлшеу жүргізіледі.

77. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырығының тальдік және қосалқы тетіктерінің арқан блоктарынатексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

- 1) арқанға арналған науасы бар блок жиегінің жай-күйі (оыйқышырашық түбінің және науаның бүйір қабырғаларының тозуы, блоктың сынығы);
- 2) дискінің және блок күпшегінің жай-күйі (жарықтардың болуы, механикалық зақымданулар);
- 3) кронблок жақтауының және оны көтергіш жақтаудың арқалықтарына бекітудің жай-күйі (бұрандалардың болуы, тарту дәрежесі);
- 4) мойынтрек тораптарының жай-күйі;
- 5) осътер мен траверс жай-күйі;
- 6) мойынтрек тораптарында майлаудың болуы;
- 7) корғаныш қаптамаларының болуы және жай-күйі.

78. Науа бейінінің тозу дәрежесін тексеру тиісті ұлгілердің көмегімен жүргізіледі.

79. Арқандарғатексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

- 1) арқаның барлық жұмыс ұзындығында сымдар ұзілуінің болуы;
- 2) арқан жіптерінің ұзілуінің болуы;
- 3) сыртқы және ішкі тозу;
- 4) беттік және ішкі коррозия;
- 5) арқан диаметрі жергілікті азаятын аймақтың болуы;
- 6) толқынды, себет тәрізді, сымдар мен жіптердің сығу, жіптердің, сынықтардың, арқаның иілімдерін жаншу, диаметрінің жергілікті ұлғаюы түрінде деформацияның болуы;
- 7) әртүрлі механикалық зақымданулардың болуы;
- 8) мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған барабандар мен қондырығы конструкцияларында арқан ұштары бекітпесінің жай-күйі.

80. Таль арқанының қозғалмайтын тармағын бекітуге арналған құрылғынатексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

- 1) құрылғы тұғырының жай-күйі және оны БҚ негізінің жақтауына бекіту (бұрандалардың болуы, бұрандалардың тартуының әлсіреуі, дәнекерленген жіктердің сапасы);
- 2) қысқыштардағы арқаның бекітілуінің жай-күйі;
- 3) барабанның, інінтректің және осътердің жай-күйі;
- 4) мойынтрек тораптарының жай-күйі және оларда майлаудың болуы;
- 5) арқаның тарту датчигінің жай-күйі.

81. Ілмектер мен арнайы аспаларғатексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

- 1) ілмек денесінің және оның жұтқыншағының жай-күйі (жарықтар, тозу, механикалық зақымданулар, пластиналы ілгектерде тойтартмалардың болуы);

2) бүйір ілмектер, сақтандырғыш құрылғының саңылаулары мен соташық ашасына ілмекті бекіту осінің жай-күйі, тежегіш тақтайша осі бар болуы;

3) аспа корпусының жай-күйі;

4) ашасы бар соташықтың (ұнғы) жай-күйі, бұрамалы ұшта сомынның және тежегіш тақтайшаның бекітпесінің бар болуы;

5) серіппелердің жай-күйі;

6) ілгекті аспаның тальдік аспаға бекітілуінің жай-күйі.

82. Топсақтарғатексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

1) топсақтардың орталық ұнғы мен корпусының жай-күйі;

2) штроптың жағдайы және оны корпусқа бекіту;

3) мойынтырек тораптарының жай-күйі;

4) май ваннасының герметикалығы.

83. Бұрғылау роторларынатексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

1) тұғырдың және оның негіздің металл конструкцияларына бекітулудың жай-күйі;

2) ұстел жай-күйі;

3) конустық беріліс жай-күйі;

4) мойынтырек тораптарының жай-күйі;

5) май ваннасының герметикалығы.

84. Мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғының агрегаттар мен механизмдерінің мойынтыректі тораптарынатексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

1) мойынтырек тіректері бекітілуінің жай-күйі (болттардың болуы, тартылудың әлсіреуі);

2) мойынтыректер тіректері корпустарының тұтастығы;

3) сақиналардың, тербеліс денелерінің, сепараторлардың жай-күйі (жүгіру жолдарындағы сақиналардың және тербеліс денелерінің жанааспалы бояуы, сепараторлардың тұтастығы, мойынтырек элементтерінің тозуына байланысты осытік және радиалды люфттердің болуы);

4) корпуста және білікті (осыте) мойынтыректерді орнатудың жай-күйі;

5) мойынтырек тораптары қақпақтарының және тығыздағыштардың жай-күйі.

85. Механизм элементтерінің барлық топсалы қосылыстарынатексеріс жүргізу саңылаулардың тозуын, соқпадақтың болуын, майлаудың ағуын, осытің жай-күйін және үқсас ақауларды тексеруді қамтиды.

86. Гидрожүйелердің, гидрожабдықтардың және құбырлардың жай-күйінетексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

1) тістегерішті сорғылар (олардың бекітілуінің жай-күйі, корпустық бөлшектердің, тістегершіктердің, тығыздау тораптарының жай-күйі, гидравликалық сұйықтықтың болуы);

2) поршеньді сорғылар мен гидромоторлар (олардың бекітілуінің жай-күйі, корпустық бөлшектердің, жетекті біліктірдің, цилиндр блоктарының, мойынтректі тораптардың, поршеньдердің, бұлғақтардың, тығыздағыштардың, серіппелердің жай-күйі);

3) гидроцилиндрлер (олардың бекітілуінің жай-күйі, корпустардың, гильзалардың, соташықтардың, манжет ұстағыштардың, қақпақтардың, сұйықтықтарды жеткізуге арналған арналардың жай-күйі);

4) гидратарқыштардың (олардың бекітілуінің жай-күйі, корпустық бөлшектердің, реттығындардың, көмкермелердің, тіреуіш сақиналардың, серіппелердің, бітеуіштердің, тығыздағыш сақиналардың, өткізу клапандарының, тұтқалардың, шанышқылардың, шығыршықтардың, кронштейндердің жай-күйі);

5) сақтандырғыш клапандар (корпустық бөлшектердің, реттығындардың, серіппелердің, ершіктердің, тығыздағыш сақиналардың, қалпақ сомындарының жай-күйі);

6) құбыржолдар (болат құбырлар мен иілгіш тұтіктердің, қосылыстардың жай-күйі);

7) бактар (резервуарлар), оның ішінде корпустардың, қалқалардың, қақпақтардың, құю сұзгілерінің, тығын крандарының, түсіру тығындарының, сұзгілердің жай-күйі;

8) сұзгілердің (торлы сұзгіш дискілердің, өзектердің, корпустардың, қақпақтардың, клапандардың, серіппелердің, тығындардың жай-күйі);

9) гидротопсалар (құбыржолдары корпустарының, құрсауларының, сақиналарының жай-күйі);

10) радиаторлар (май коллекторларының, құю бөшкелерінің, редукциялық клапандардың, тығындардың жай-күйі).

87. Гидрожүйелер және оны жинақтайтын гидрожабдықтар, оның ішінде сақтандырғыш гидроклапандар, гидроаккумуляторлар, гидромоторлар мен сорғылар, сондай-ақ жұмыс сұйықтығы, құбырлар мен тұтіктер тиісті сертификаттардың болуымен қамтамасыз етіледі.

88. Пневматикалық жабдықтың жай-күйінетексеріс жүргізу мынадай тексеруді қамтиды:

1) компрессорлық станциялардың жай-күйі (станция агрегаттарының жақтауына бекіту, компрессорлық станция рамасын бұрғылау қондырғысы негізінің металл құрылымдарына бекіту);

2) компрессорлардың жай-күйі (мысалы, корпустың, иінді біліктің, бұлғақтың, поршень сақиналары бар поршеньдердің, цилиндрлердің, тығыздағыштардың, сұзгінің тұтастығы);

3) пневматикалық муфталардың жай-күйі (дисктің, жиектің, шина-пневматикалық баллонның жай-күйі);

4) түсіру құрылғылары бар қарсы жетектердің жай-күйі;

5) белдік берілістер тегерлерінің жай-күйі;

- 6) ауа жинағыштардың жай-күйі;
- 7) сактандырғыш клапандардың жай-күйі;
- 8) ылғал бөлгіш сұзгілердің жай-күйі;
- 9) вентильдердің, түтіктердің, құбыржолдардың және олардың қосылыстарының, крандардың жай-күйі;
- 10) бір және екі арналы топсақтардың жай-күйі;
- 11) пневматикалық тежегіш цилиндрлердің жай-күйі (бекіту, корпустың, поршеннің, саташықтың, серіппелердің, топсалы қосылыстың жай-күйі);
- 12) бұрғылау шығырларының пневматикалық тежегіш цилиндрлерінің жай-күйі (корпус, саташықты поршень, шетмойын жай-күйі);
- 13) пневмоажыратқыштардың пневматикалық цилиндрлерінің жай-күйі;
- 14) тежегіш крандардың жай-күйі;
- 15) ауа резервуарларының жай-күйі.

